

*Х. ӘБЖАНОВ,*

*Ш. Уәлиханов атындағы*

*Тарих және этнология институтының директоры*

## **ОТАНДЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ:**

### **МЕЖЕЛЕР МЕН МІНДЕТТЕР**

Тәуелсіздік пен мемлекеттіліктің бірегей нышаны – төл тарихты бұрмалаусыз, боямасыз, тек ақиқат биігінен зерделеу. Өткеннің тәжірибесі мен тағылымы қаншалықты әділ зерттелсе хәм насихатталса, тарихи санасы оң қалыптасқан халық бүгінгі үдерістің соншалықты белсенді әрі өскелең субъектісі бола алады екен. Демек, тарихи сананың кемелдігі болашаққа берілген кепілдік, ал әлжуаздығы ұлттық қауіпсіздікке төнген қатермен пара-пар.

Әлемдік және отандық тарихтың сабақтарын тереңнен толғаудың тамаша үлгісі – Елбасымыздың «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. Жолдаудағы үш тараудың алғашқы екеуі, ондағы пайымдар мен тұжырымдар толығымен тарихқа сүйенумен дәйектелген. Соңғы 15, 20, 60, 100, 150, 300 жылда Қазақстанда, дамыған, артта қалған мемлекеттерде орын алған өзгерістер мен қайшылықтарды алға тарта отырып, Президентіміз Қазақстанда шешілуге тиісті міндеттер парадигмасын талдайды. «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыруда қазақ халқына айрықша жауапкершілік жүктелетінін былайша түйіндейді: «Тағылымы мол тарихымызбен, ұлы бабалардың ұлағатты өмірінен алар тәлімімізбен біз алдағы асулардан алқынбай асамыз».

Тарих тағылымы мен тәлімін замана талабына сай кәдеге жаратудың пәрменді үш тетігі бар: біріншісі – танымдық үдерісті заң күшімен, материалдық-қаржылық, кадрлық-ұйымдық шешіммен мемлекеттік реттеу; екіншісі – ғалымдардың қарымымен кәсіби зерттеу; үшіншісі – білім, өнер, БАҚ жүйесімен еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін қамтып, санасына, жүрегіне сіңіру. Осылардың бәрінде адам факторы айрықша маңызды.

Отандық тарих ғылымының тәуелсіздік тұсындағы ілгерілеуі мен іркілісі, тапқаны мен жеңісі, бүгінгі танымдық қарымы мен болмыс-бітімі кенестік жылдары қалыптасқан зерттеушілер шоғырының қалтқысыз ізденістерімен анықталды. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарында азаттық пен кәсіби білім алған тарихшы ғалымдардың бірде-біреуі академиктер Р.Б. Сүлейменов, М.Қ. Қозыбаев, К.Н. Нұрпейісов, Б.А. Төлепбаев, профессорлар Х. Арғынбаев, К. Ақышев, Ж. Қасымбаев, Д. Дулатова 35-40 жас аралығында шыққан биікке көтеріле алған жоқ. Бұл – бір.

Екіншіден, ұлттық тарихымызды зерттеуде біршама іргелі нәтижелерге таяу-алыс шетелдерден келген бауырларымыздың талантымен қол жеткіздік. Аға буынмен тізе біріктіре алған Қаржаубай Сартқожаұлы, Нәбижан Мұхамедханұлы, Тұрсынхан Зәкенұлы, Бақыт Еженхан, Нәпіл Базылхан, Зиябек Қабылдинов орта ғасырлардағы, жаңа замандағы Қазақстан тарихын ақтаңдақтардан арылтуға баға жетпес үлес қосты.

Үшіншіден, мемлекеттік тәуелсіздікпен шығармашылық еркіндік, Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың стратегиялық бастамалары мен ғылымды қолдауы ұлттық тарих ғылымының жаңа мамандықтарын – жалпы тарихты, әскери тарихты, халықаралық қатынастар мен сыртқы

саясат тарихын, тарихнама мен деректануды, мәдениет пен өнер тарихын, т.б.с.с. қалыптастыруға мүмкіншілік берді.

Партиялық, саяси-идеологиялық өктемдікпен, әкімшіл-әміршіл Орталықтың шекараға құрған темір пердесімен әлемдік тарихи ақыл-ой үдерістерінен оқшау қалып келген Отандық тарих ғылымы бүгінде Еуропа мен Америкада да, Азия мен Африкада да өзіндік «Менін» айта алатын, археологияның, этнологияның, шығыстанудың, әлем тарихының, түркологияның, Отан тарихының іргелі мәселелері бойынша үздік ғылыми нәтижелерін мойындатқан биікке көтерілді. Біздің тарихшы ғалымдарымыздың әлемдік деңгейде ізденіс жүргізе алатынын «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы күмән-күдіксіз дәлелдеп берді.

Қазіргі отандық тарих ғылымы бағындырған және бір маңызды меже – Қазақстанның барлық аймақтарында іргелі тарихи зерттеулер жүргізуге қажетті алғышарттар мен қабілетті мамандар қауымының қалыптасқаны.

Азаттық таңы атқаннан бергі уақыт ішінде тарихқа қатысты мемлекеттік саясатты жүзеге асырумен, ұлттық және әлемдік тарихты зерттеумен, оқытумен, насихаттаумен дәйектелген басты нәтиже халқымыздың тарихқа кеңестік көзқарасының сеңі сөгіліп, жалпыадамзаттық құндылықтар мен мұраттарды бекерлемейтін, ұлтымыздың, төл мемлекетіміздің өткенінен тәлім-тағылым алуды қажетсінетін дүниетанымның азаматтарымызға қона бастағаны дер едім. Тап осы бетбұрысты қолдан шығарып алмаудың өзектілігі Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құруға, 2013 жылғы 5 маусымда кеңейтілген отырысын өткізуге, Президент тапсырмасымен «Халық тарих толқынында» бағдарламасын түзуге қозғау салды.

Ендігі көздеген межеміз – тарихты қандай ғана болмасын бәсекеге қабілетті қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың басты буынына айналдыру. Осы негізде атқарылуға тиісті маңдайалды міндет – азаматтарымыздың дұрыс тарихи көзқарасын түпкілікті қалыптастыру. Дұрыс тарихи көзқарас дегеніміз, менің ойымша, әркімнің және баршаның Қазақ елі өткеніне, кез келген дәуіріне ұлттық, мемлекеттік мүдде тұрғысынан қарай білуі, әлеуметтік-кәсіби, мәдени-имандық болмыс-бітімімен астасып кеткен менталитетінің құрамдас бөлігі. Бұл үшін тарихшы болу міндетті емес, бірақ тағдыранықтағыш тарихи оқиғалар мен тұлғалар жайлы, табиғат пен саясат жайлы, уақыт пен кеңістік жайлы хабардар болуы керек-ақ.

Меже мен міндет үдесінен шығу үшін Мемлекеттік хатшы М. Тәжин қол қойған шешіммен 5 бағыт бойынша – ұйымдастыру және жоспарлау, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік, ақпараттық, аймақтық салаларда – биылдың өзінде 100-ден астам көлемді іс-шара жүзеге аспақ. Алғашқы нәтижелер де бар. 20-дан астам ғалым Еуропа мен Азияның 10 еліне барып, Қазақстан тарихына қатысты ұлан-ғайыр деректер әкелді. Ірі-ірі жоғары оқу орындарында орталықтар, лабораториялар құрылуда. «Қазақстанның тарих ғылымы» порталы жұмыс істей бастады. Іс-шараларды атқаруға Білім және ғылым, Мәдениет және ақпарат, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрліктері, Дін істері жөніндегі Агенттік, әкімдіктер, БАҚ жүйесі, Қазақстанның шетелдердегі елшіліктері жегілді. Қазақстан халқы Ассамблеясы, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы, Қазақ-стан жастарының конгресі өз үлесін қосуда. Ғылыми-көпшілік тарихи журнал «Мәңгі ел» жарық көрді.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы үздік дамыған 30 елдің қатарына кіруді күн тәртібіне қойып отыр. Ұлы мақсатқа септесуден ұлттық тарих ғылымы да тысқары қала алмайды. Ендеше кезек күттірмей шешетін күрмеуі күрделі мәселелерді анықтап алуымыз керек. Олар:

Біріншіден, ғылым өзіне тән миссияны – жаңалық ашуды, ақиқатты табуды орындаушы жасампаз күшке айналғанда ғана тарихтың қоғамға, адамға оң әсері еселеп артады. Ешкімге құпия емес,

ғылыми атақ берудің кеңестік жүйесі жабылатын болғандықтан жаңалық аспаған, ақиқатты іздемеген ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары пайда болғанына бәріміз куәміз. Философия докторларын даярлағанда ескі қателікті қайталамау қаперден шықпағаны абзал.

Екіншіден, жастар ғылымға бет бұрды дегенмен олардың әлеуметтік-кәсіби кемелденуі баяу жүруде. Тарихтан философия докторларын даярлау тым аз – жылына 5-10 адамнан ғана шығады. Осыларды дұрыс жолға салатын уақыт келді. Әйтпесе ғылымның күні магистрларға түсуі бек мүмкін.

Үшіншіден, Отан тарихы, археология, этнология, тарихнама мен деректану сынды тарих ғылымының таза ұлттық салаларына сараптама жасауға, қазақ тарихынан дәріс оқуға шетелдік мамандарды шақыру мейлінше азайтылуы керек. Есесіне таяу-алыс шетел ғалымдарымен, ғылыми мекемелерімен бірлескен ғылыми жобаларды атқару ауқымын ұлғайтқан жөн. Кімнің кім екені сонда көрінеді. Көзсіз еліктеу толерантты адамды космополитке айналдыруы кәдік.

Төртіншіден, Қазақстан мұрағаттары ғалымдарға қорларын аша бермейді. Әсіресе, саяси репрессияларға қатысты құжаттарды қолға алу қияметтің қияметі. Түйткілді шешуге мемлекеттік билік араласпаса, зерттеушілер әлі ұзақ қиналары сөзсіз.

Бесіншіден, мәселенің ең үлкені – ғылыми зерттеулерді үйлестіру. Пәрменді тетік түзілмегендіктен әзірге жоба тақырыптарын қайталау, ұсақ-түйекке арнау, қаржыландыруды мерзімінен бұрын тоқтату кездесуде.

Тарихтың бір қасиеті түпжаратушыға ұқсастығы: ол асықпайды. Құпиясын жүздеген емес, мыңдаған жылдар бүгіп жата береді. Құпияның ақиқатын ашу – ғалымның борышы, өзімізді танудың алғышарты. Өзін өзі таныған халық пен ел ешқашан жүрісінен де, жолынан да жаңылмайды. Демек, тарих пен тәуелсіздік – тамырлас. Екеуінің де болашағы жарқын болғай.

*(Доклад на конференции на тему: «История Казахстана, включая историю науки и высшего образования», 20 сентября 2013 год).*